

Казр


245

Совет

Әлімқұлов

84(5Каз=4 Жам)

Ә 55



Қыран

Форма №11

**КОНТРОЛЬНЫЙ ЛИСТОК
СРОКОВ ВОЗВРАТА**

Книга должна быть возвращена
не позднее указанного здесь срока


Количество предыдущих выдач

№ 01135 - 14000

2013.03.05 = 4/10/13
7 55.
Совет Әлімқұлов

Қыран

Өлеңдер



„ЖАЗУШЫ“ БАСПАСЫ, АЛМАТЫ—1970

Совет Әлімқұловтың бұл жинағына туған жерді, заман ұлылығын жырлайтын патриоттық өлеңдері енді. Сондай-ақ ақын көптеген өлеңдерінде ел өмірін, ана мен бала махаббатын, ерен ерлікті, адалдықты, достықты, паш етеді.

Туған жер табиғаты, көктем, жаз, күз, қыс көріністері де бірсыпыра жырларында өзіндік бояуымен берілген.

7—6—3
251—70

ЛЕНИН

Данышпан ойдың асқары,—
Түр көсем қызыл алаңда.
Жанарын түгел жас, көрі,
Қадайды Ұлы Адамға.

Ұлы істі болжап тандағы,
Байыптап айтты жан көсем.
Бақытты нұсқап алдағы,
Сілтейді қолын жолға әсем.

Қалыпты ұйып жұрт мүлде,
Гүлдерге толы құшағы.
Көсемге деген тың тілде,
Алғыстар күс боп ұшады.

Қажуды шаршап білмеген,
Жүзінде ойнап нұр әрі.
Еліне көсем мінбеден,
Әсиет айтып түр әлі.

ЛЕНИН КАБИНЕТІНДЕ

Уақыт, уақыт өтуде,
Жарым түн ауды сезілмей.
Ленин кабинетінде
Отыр бірақ көз ілмей.

Бірде ұстап иегін,
Қиялдап кетсе тым биік.
Бірде дана Ленин
Шомады ойға тұңғық.

Жасап барлау өмірге,
Жағына таяп қос қолын.

Қалады үнсіз ол бірде,
Шынтақтап жазу столын.

Жанында көсем оты мол,
Қамын ойлап әр үйдің.
Толғана болжап отыр ол
Болашағын сәбидің.

«СӘУЛЕ»

Жылап, көнбей ырыққа,
Бір қыз жерді тепкілеп.
Көрсетті бізге: құдыққа
Сәуле түсіп кетті,— деп.

Шошып кетті аналар,
(Шықты ащы не бір үн)
Құдыққа шапты ағалар,
Сақтауға сәби өмірін.

Кенет, кенет сейілді,
Көңілдегі нала-мұң.
Су бетінен көрінді.
Қуыршағы баланың.

Сөйтсек жұртты әурелеп,
Бұлап жасын көзінің.
Қуыршағын «Сәуле» деп
Атайды екен өзінің.

ТҮР САПҚА, ЖАС ҰЛАН

Өмірге бақыт әкелер,
Шаттығы тасып шалқыған.
Бүгінгі бала — ертеңгі ер,
Тұр сапқа, кәні, жас ұлан.

Мереке күнін қарсы алып,
Гүл ұстап қызыл, жасылдан,
Төгілтіп асқақ ән салып,
Тұр сапқа, кәні, жас ұлан.

Партия бастап ілгері,
Өсірген сені жасыңнан.
Өмірдің жайсаң гүлдері,
Тұр сапқа, кәні, жас ұлан.

ОЙЫНДА

Жүздері шат жайдары,
Бір топ бала қасында,
Сөйлесіп көсем олармен,
Отыр бұлақ басында.

Құрдас санап Ленинді,
Өздерімен барабар.
Шақырды оны, міне, енді,
Ойнауға әлгі балалар.

Жатқан бітпей әлі тың,
Демей көсем көп ісім.
Қиып қымбат уақытын,
Берді оларға келісім.

Иыққа алған бос іліп,
Костюмін жерге тастады.
Сонан соң топқа қосылып
«Тығылмақ» ойнай бастады.

Таянды күн де батуға,
Токталды ойын жарасты.
Көсемге ертең тағы да,
Балалар:— кел!— деп тарасты.

Төсінде қайта даланың
Кездесті Ленин олармен.
Шіркін, сол топ баланың
Ішінде мен де болар ма ем.

ЫРАЗЫ БОЛДЫ КҮН КӨСЕМ

Жүрген ойнап топ бала
Ильичті көріп қалды да.
Жарыса шулап, топтана
Келді оның алдына.

Бұлардың не бар ойында,
Көсемге шулап төне кеп.
Қойды сұрақ: «ойынға
Келмей жүрсіз неге?»— деп.

Бөленіп жаны сезімге,
Ұқсап жүзі гүлге әсем.
Балалардың сөзіне,
Ыразы болды Күн Көсем.

АҚСАҚАЛДАР

Сақалыңнан айналдым аппақ болған,
Мақалыңнан айналдым тақпақ болған.
Айналдым ақсақалдар, ақ батаннан,
Ер жігіттің басына бақ боп қонған.

Айналдым ақсақалдар түйе белді,
Түсірген ежелден бір жүйеге елді,
Күн туса қиын-қыстау сендерсіңдер,
Қолтығынан демейтін сүйеп ерді.

Ақсақалдар ту етіп ғасыр әнін,
Елінің жыр етеді асыл арын.
Біледі болжап олар бір тілдессе-ақ,
Бағыңның ашылмасын, ашыларын.

Ақсақалдар қашанда дараланып,
Ұрпағын бастап алға барады алып.
Білмейді адасуды жеті түнде,
Жол табады жұлдызға қарап алып.

БІР ҚОЛ СҮЙЕДІ

Бір қол сүйеді,
Арқадан қағуды.
Бір қол сүйеді,
Көзеп от жағуды.

Бір қол сүйеді,
Қисықты түзеуді.
Бір қол сүйеді
Тек қана күзеуді.

Бір қол сүйеді,
Мәрмарден мүсін қашауды.
Бір қол сүйеді
Ұстауды тізгіндеп асауды.

Бір қол сүйеді,
Қас жауын аямауды.
Бір қол сүйеді,
Гүл егіп аялауды.

ТУҒАН ЖЕР

Туған жер, жүрегімнің тұрағы шын,
Арналмақ бір өзіне бұла күшім,
Бабаларым жауымен қылыштасқан,
Көлінің жалғыз арқа құрағы үшін.

Жауына тиіпті олар құйынша кеп,
Қарамай қылша мойын қиылса көп.
Шегінбестен сүйем жер жұлқысыпты,
Туған жерден топырақ бұйырса деп.

Туған жер, атыңа ешкім дақ салмаған,
Қуаныш төсі гүлдеп жатса маған,
Жат жерде ұландарың ес билеуден,
Өзінде күл болуды бақ санаған,

Туған жер, аңқылдаған анам ашық,
Қарсы алатын құшағын алдан ашып,
Өзіңнен алыстамын сондықтан да,
Саяңа сағынышым барады асып.

ЖҮРЕГІМ МЕНІҢ ЖЫРЛАЙДЫ

Уақыт, уақыт зырлайды,
Алмайды бір көз іліп.
Жүрегім менің жырлайды,
Қатайып кей сәт езіліп.

Уақыт, уақыт зырлайды,
Асыға аққан бұлақтай.
Жүрегім менің жырлайды,
Желді күнгі құрақтай.

Уақыт, уақыт зырлайды,
Жоқ оның еш ағаты.
Жүрегім менің жырлайды
Өмірімнің сағаты.

Уақыт, уақыт зырлайды,
Үлесін алдан алам деп.
Жүрегім менің жырлайды
Бір күні сокпай қалам деп.

ЖЫМИДЫ КӨСЕМ ҚОЛ СОҒЫП

Жинап ап бір топ баланы,
Өзінің әсем бағына,
Өнерге баулып оларды,
Отырды Көсем тағы да.

Жалықпай өзі үйретіп,
Біріне сырнай тартқызды.
Бұралтып бірін билетіп,
Біріне тақпақ айтқызды.

Соңынан олар қосылып,
Берді қызық ән салып.
Жымыды Көсем қол соғып,
Өнерге мына тамсанып.

* * *

Осынау дарқан өмірге
Сен келмесең Күн Көсем,
Шаттық жинап көңілге
Мен жадырап күлмес ем.

Жасыл жота, қырқадан,
Қызғалдақтар термес ем.
Айтпас едім шырқап ән.
Қуанышты білмес ем.

Көсем, бүршік жайдым мен
Бөленіп баққа әр танда.
Жақсылықтың бәрін мен,
Көрдім сенің арқанда.

СӘБИ ЕРЛІГІ

Жабыла шошып жүгірді ел,
Қолға ұстап майда көк талды.

Күтпеген жерден тұрып жел,
Көршінің үйін өрт шалды.

Өршуде жалын лапылдап,
Қалуға-күш жоқ оны ұстап.
Біреулер жатыр жақындап,
Біреулер қайса алыстап.

Болмады бөгет күрекпен
Көсіп ел шашқан құмдағы.
Тоқтатар емес шелекпен
Дамылсыз құйған су-дағы.

Кім көрген өртті бұл сынды,
Жалмауда бәрін жалаңдап.
Тұнжырап бір қарт күрсінді,
Сақалын аппақ тарамдап.

Қадірлі көпке бұл ата,
Кеңеске әркез жараған.
Сөйледі ол көңіл жұбата,
«Оқа емес қалса жан аман»

Өртенсе, барсын үй-мүлік,
Тілсіз от кімді аяды.
Бас аман болса игілік,
Қайтадан бүршік жаяды.

Деді қарт жебеп көңілді,
Бір сәтке қалды ел тынып.
Бір бала кенет егілді,
Өрт алған үйге ұмтылып.

Бой берер емес кісіге,
Кетті ме шығып есі оның.
Сүңгіді оттың ішіне,
Бар екен үйде несі оның.

Шыр ете қалды анасы,
Айырылып естен құп-қу боп,
Қып-қызыл отқа баласы
Тірідей түсті тұтқын боп.

Мөлтілдеп көзден ыршып жас,
Жүгірді отқа ел төніп.
Кім білсін әлгі қыршын жас
Кетпеді ме екен өртеніп.

Келді екен не зор жанына,
Бал шақта отты күшқандай,
Жауқазын жасты жалынға
Итерді екен күш қандай.

Шошытты-ау жұртты бұл күллі,
Бала ма өзі есі бар.
Ашылмай жатып бір гүлі
Жиһазды қорғап несі бар.

Еңсені басты нала мұң,
Тырналап жүрек жарасы,
Бір кезде әлгі баланың
Көрінді қайта қарасы.

Көйлегі отқа шарпылып,
Кей жерін аздап өртепті.
Көпшілік шошып, шұрқырап,
Құшаққа алды тентекті.

Жалт етті көзден бір ұшқын,
Құшты ана оны ұлым деп,
Көрсетті бала Ильичтің
Суретін көпке күлімдеп.

«Аман ап қалдым мұны өрттен»
Ағайдың берген сыйы еді.

Ерлігін құптап баланың,
Сүйсінді ел қатты қайран қап.
Суретін сәби дананың
Көтерді биік жайраңдап.

Бас иді бар жұрт құрметпен
Шаттыққа жаны тұнғандай
Жымиды Көсем суреттен.
Риза бой қарап тұрғандай.

ҚАРЫНДАСЫМ БАР МЕНІҢ

Апам жоқта бөлмені
Қоятұғын тазалап,
Білгісі кеп әрнені
Жүргені ылғи мазалап,
Қарындасым бар менің.
Ұнатпайтын ешкімді,
Қалса егер өкпелеп.
Кигізетін кепкемді,
Көңілі келсе шөткелеп,
Қарындасым бар менің.
Қолына алса томдарды
Жолдастарым үйге кеп.
Ескертетін:— Бұл бәрі
Тәтемдікі, тие!— деп,
Қарындасым бар менің.
Мысығына тамаша
Тыңдататын ән салып.
Үйде қалса оңаша
Тәтті іздейтін тамсанып,
Қарындасым бар менің.

КӨЛ ЖАҒАСЫНДА

Жағасы жайсаң айнала,
Жамылған жасыл келісті.
Жалтыраған айнаға
Жатыр ұқсап көл үсті.

Ұшады әсем шағала
Баурымен сызып су бетін.
Теңселген талдар жағада
Көреді көлден суретін.

Көйлектерін шешіп ап,
Бастарына жамылып,
Топ бала мұнда жүр шұрап,
Жұмыртқа іздеп сабылып.

Қиқулап құстар тынымсыз,
Қарайды «азық» жылғадан.

Балықшы қарт түр үнсіз,
Төніп бір көлге жағадан.

Жағасы жайсаң айнала,
Жамылған жасыл келісті.
Жалтыраған айнаға
Жатыр ұксап көл үсті...

ӨШІМІЗДІ ҚАЙТАРДЫҚ

Сейіт «қасқырмын» деп,
Сендерге қас қылдым деп.
Мәтек ап басымыздан
Тартты кеп шашымыздан.
Мәз болып бізді жылатқанға,
Тартты қоймай құлақтан да.

Бір күні біз «итпіз» деп,
Тауып ап Сейітті іздеп.
Жан-жақтан қамалап,
Таладық абалап.
Сөйтіп өшті қайтардық,
Сейітте қалмады әл.
«Қасқырмын» деп айтарлық.

ЖЕҢЕШЕМЕ

І
Еншілесім дегенде,
Еркелеп өссін дедің бе?
Естіярым дегенде,
Ертерек өссін дедің бе?
Сандуғашым дегенде,
Сайрай білсін дедің бе?
Сәнді ағашым дегенде,
Жайнай білсін дедің бе?

Жұбанышым дегенде,
Көңілді болсын дедің бе?
Қуанышым дегенде,
Өмірлі болсын дедің бе?

II

Мен дегенде өзгеше қас-қабағың,
Мен дегенде шекер-бал ас, тамағың.
Сондықтан ба, женеше, жаз бейнеңді
Ойымнан бір елі де тастамадым.

Жөні осы деп жасымда намысты ұлдың,
Жігітпен әзілдесең намыс қылдым.
Балалықпен кейде өсек айтып қойып
Ағайымды өзіңмен шағыстырдым.

Екенін ұқпай мұның ұят қылық,
Көңіліне кірбің салдым зият тұнық.
Ағайым ашуланса,

«кекілдім» — деп,
Бауырыңа бастың мені мият қылып.

Мен дегенде өзгеше қас-қабағың,
Мен дегенде шекер-бал ас, тамағың.
Сондықтан да өзіңе ұсынайын
Бүршік жарған тұңғыш гүлін жас қаламның.

КӨКТЕМ ТАҢЫ

Пердесі таңның түріліп,
Шықты Күн нұрын шашқалы.
Балапан шыбық тіріліп,
Бүршігін жара бастады.

Жүздесті бізбен көңілді,
Өмірдің тағы бір күні.
Будақтап көкке өрілді,
Ауылдың көкшіл түтіні.

Көктемнің таңы әр үйдін
Күлімдеп ашып есігін.
Тәтті ұйқы боп сәбидің
Тербеді әнмен бесігің.

Құбылды мың сан түске еніп,
Даланың ғажап келбеті.
Шүпірлеп жатыр құс келіп,
Шымырлап жатыр көл беті.

ЗАҒИП

Ауылға сыйлы бұл кісі,
Едәуір келген жасқа өзі,
Дос-жаранның тұр-түсін
Көрмейді оның қос көзі.

Қиялын шыңға кондырып,
Ән салды кейде бұл аға.
Қыдырды кейде ол жүріп,
Соқтықпай арық, жыраға.

Таңырқап бұған бір бала,
Бір күні сынап білмек боп.
Жатты келіп алдына,
Көрмесе сүріндірмек боп.

Таяп кеп Зағип бөгеліп,
Отыра қалып жүгініп.
Баланы алды көтеріп,
Қалдың ба деп жығылып...

РАЗЛИВТЕ

Ұлы Ленин Разливте
Жүргенде жауға көрінбей.
Келді оған күзетке,
Бір жас бала өрімдей.

Жас болса да зерделі,
Тым салмақты мінезі.
Ойда жоқта әрнені
Тапқыр екен ол өзі.

Түссе көзі адамға,
Ізін баққан дананын.
Шақырады ол табанда
Көкегі боп даланын.

Мұны естіп Ленин,
Қауіп барын біледі.
Шалғы ұстап, түріп білегін,
Шөп шапқан боп жүреді.

Болса айнала оңаша,
Бала теріп қыр гүлін.
Құйқылжытып тамаша,
Салады әнін бұлбұлдын.

Мұны естіп Ленин,
Шалғысын жерге тастайды.
Қуаныш билеп жүрегін,
Кітабын оқи бастайды...

* * *

Осынау албырт жасымда,
Ойнақы түрлі күйге еніп.
Жақындап барып қасына,
Жалт беріп жүрдім именіп.

Шығарам естен қалай мен,
Шынайы сырды айта алмай.
Соңыңнан қарап талай мен,
Тұрғамын үйге қайта алмай.

Өзіңе жазған өлеңмен,
Өзіңе терген гүлді де.
Бере алмай, іштей ерен мен,
Алысқам күшпен білдің бе.

Уақыттың жоқ тұрағы,
Алмасқан тынбай толқыны.
Бүгінде сағындырады,
Балалық шақтың сол күні.

* * *

Ұсындың шоғын бір гүлдің,
Кенейді кеудем, толып ән,
Кенеттен алға жүгірдің,
Сытыла шығып қолымнан.

Толтырып кеттің тамаша
Көңілге мөлдір сезімді.

Көбелек қуған балаша
Қуалап бердім өзінді.

Сөз демей орды, жарды да
Жүгіріп келем, жоқ амал.
Жетіп ал дейді алдымда
Желбіреп қызыл орамал.

Сүйінтер ме екен кім білсін,
Сапарды тағдыр сәтті ғып.
Ұстамақ болып жыл құсын.
Келемін ұшып аптығып.

Сағымдай көзден бұлдырап,
Сен астың талай белеңнен.
Жарысып желмен құлдырап,
Жете алмай қуып келем мен...

ОТ

Көсеп қойса, көзін ашып аздаған,
Жаксы көрем, отты лаулап маздаған.
Өйткені оның жылытады жалыны,
Адамдарды тоңып қала жаздаған.

Шашақ шашар дүниенің бәріне,
От болмаса, тіршіліктің сәні не?
Күннің оты байланады нәр болып,
Ақ бидайдың баданадай дәніне.

Отты талап әр кез жалын атады,
(Отсыз болып жаралу ғой, шатағы).
Отты болсаң, толастамай бір бұлақ,
Жүрегіннен қайнап шығып жатады.

* * *

Еңбекпен танды атырам,
Еңбекпен күнді батырам.
Көрсен де қашан күбірлеп,
Мен өлең жазып отырам.

Ойыма түрлі сыр алып,
Бір қуанып, бір налып.
Қалаймын жырдың ұясын,
Қабакты түйіп қиналып.

Жыр етем асқақ биікті,
Жыр етем марал-киікті.
Жыр етем туған елімнің,
Жері мен гүлін сүйікті.

Еңбекпен танды атырам,
Еңбекпен күнді батырам.
Көрсен де қашан күбірлеп,
Мен өлең жазып отырам.

Жатқандай боршым өтелмей,
Қағаздан басты көтермей.
Жыр жазам, егер дем алсам,
Бір өлең қашып кетердей...

* * *

Құмның атты жанға нұр құяр таңы,
Көңілден ұшты самғап қиял тағы.
Қымтаған айналаны ақ ұлпа қар,
Жүзіне қаратқызбай ұялтады.

Шығып ап құм жалының төсіне сен,
Ойынды, қиялынды өсір әсем,
Бойынды бір сергітіп шипалы ауа,
Жіберер құлаш жая есінесен.

Жатқандай төңіректе ұйып катық,
Келмейді басқың оны қиып батып.
Ескек жел тынбай айтып бесік жырын,
Бәйек боп жүр дүзгенді ұйықтатып.

Арманым шыңға осы шақта-ақ қонып,
Сезімге қалды жаным тәтті-ақ толып.
Өсірді мейірімді ақ ниеттей,
Жатқаны төңіректің аппақ болып.

* * *

Жер-ана,
Қымбаттым жоқ одан басым,
Төсіне оқтар оның қадалмасын.
Қуаныш көруге жаралған көз,
Көрмесін оқтан ұшқан адам басын.

Әр ұлттан үйге мейман кіріп келсін,
От басы бірақ одан үрікпесін.
Адамға адам енді мылтық кезеп,
Баспасын оның жауыз шүріппесін.

Бірінен-бірі сусын сұрап ішіп,
Бір-бірін сыйласып жұрт құрақ ұшып.
Барлық ел құда болсын құшақтасып,
Қазақша құйрық асап, қыз алысып.

Шаттықтың әр жүрекке жыры сиып,
Терлесін барлық адам ырыс үйіп.
Бар елі дүниенің болсын жекжат,
Бірінің жас баласын бірі сүйіп.

АНА ✓

О, ана, өсіп-өнген атырабым,
Шыбығың жаюда жас жапырағын.
Алғысымды өлеңмен жеткізбек боп,
Күн-түні жыр саумалын сапырамын.

Сияқты жаны жомарт дала гүлді,
Өзіне теңгеремін ана кімді.
Маңдайымнан сипаған алақаның
Теріс кетсем тезге де сала білді.

О, ана, өмірімнің арай таңы.
Сүтіңнің кетпек тілден қалай табы.
Өзің үшін өрелі өлең іздеп,
Өзен боп дөңбекшімін талай тағы...

АУЫЛҒА КЕЛГЕНДЕ

Шырымын алмай көзімнің,
Неше күн жолда сабылып.
Аулыма келдім өзімнің,
Анамдай күткен сарылып.

Алдымнан түрлі гүл алып,
Жастары шығып көшемнің,
Той жаса десті қуанып,
Жаулығын жұлқып шешемнің.

Кеудеме толды мөлдір күй,
Құшағын жеңгем жайды кеп.
— Базарлығың көнеки,—
Оқымысты қайным,— деп.

— Тентек,— деп сүйсе ол бетімнен,
— Бұзығым,— деді кәрі әжем.
Басқаға тәуір көрінген,
Керек пе оған дәрежем...

* * *

Адаммын дұшпаны бар, достары бар,
Әлбетте, кең құшағым досқа құмар.
Аңқылдаған ақын жан көңілімді
Аңқылдаған ақ пейіл достар ұғар.

Адаммын мекені бар, өрісі бар,
Өмірден татқанымның көбісі бал.
Гүл атып жеміс берсе бір еңбегім,
Достар, оны өздерің бөлісіп ал...

ҚЫМБАТ ЕҢ ҚАНДАЙ...

Толқиды жасыл майсалар,
Тербейді баяу ескен жел.
Жаныма қымбат жай санар,
Қымбат ең қандай өскен жер...

Қымбат ең қандай дос-құрбы,
Сырласып ойнап бірге өскен.

Қымбат ең қандай жас күнгі
Гүл терген кездер белестен.

Қымбат ең қандай, япыр-ай,
Ойымдай таза сырлы айдын.
Қымбат ең қандай ақ қурай,
Салатын әнін сырнайдың.

Кешегі айтқан жақсы әнді
Еріксіз ойға алдырған.
Қымбат ең қандай бақ сәнді,
Балалық шақты қалдырған.

Толқиды жасыл майсалар,
Тербейді баяу ескен жел.
Жаныма қымбат жай санар,
Қымбат ең қандай өскен жер...

* * *

Ақ шарбы иығына бұлт асылып,
Шың біткен кеуде керіп тұр тасынып.
Төңірек алаулайды кеткендей бір
Ғажайып сұлулықтың құлпы ашылып.

Тұрған жоқ өсімдіктің бірі налып,
Бәрі де ырғалады күлім қағып.
Барады зыта қашып тауға өрмелеп,
Аппак қар етек-жеңін түріп алып.

ҚЫЗДАРЫ БІЗДІҢ АУЫЛДЫҢ

Қыздары біздің ауылдың
Шығады шыңға сескенбей.
Талайын көріп дауылдың,
Ширығып-ширап өскендей.

Танадай мөлдір көздері,
Алады жаулап ерікті.
Шетінен сұлу өздері,
Болмайды бояп көрікті.

Ақ кептер дерсің оларды,
Ақ жібек көйлек кигенде.
Вальске тартсаң болады,
Мақұрым емес биден де.

Орану үлде-бүлдеге
Бұларға ерсі расында.
Қайнатар миды шілдеде,
Жүреді егіс басында.

Иыққа салып кетпенін,
Қадаса мөлдір көзді алға.
Теңізді дүрліктіретін,
Ұқсайды дауылпаздарға.

Бәрі де құмар думанға,
Тындайды күй мен әнді ұйып.
Жарқылдап жазда қырманда,
Жүреді алтын дәнді ұйып...

ТУҒАН ЖЕР

Туған жер ыстық көзіме,
Кең далаң, гүлің әр төбен,
Оралсам аңсап өзіңе,
Қалады-ау өсіп мәртебем.

Туған жер, әлі есімде,
Сәулеті түнгі бақшаңның.
Іздерім қалған төсінде,
Нотасындай жақсы әннің.

Туған жер ыстық көзіме,
Кең далаң гүлің, әр тасың.
Жүрсем де қайда өзіңе
Өзіңе мені тартасың.

КҮЗ

Әлден-ақ үлгерді,
Ағарып тау үсті.
Суық жел гүлдерді,
Сарғайтып тауысты.

Түсті алтын жапырақ,
Талдардан үзіліп.
Ұшты ұзақ сапарға
Тырналар тізіліп.

Жасыл шөп келісті,
Жойды түс-ажарын.
Тастап құс көл үстін,
Тарқатты базарын...

ОЙЫНШЫҚ

Ойыншық әкеп арнайы,
Жас ініме жаңадан.
Сыйлап едім, алмады,
Шошыды білем жаны одан.

Деді ол тоқта, жан аға,
«Қасқыр» бізбен ойнай ма.
Біз жоқта түсіп қораға,
Қозымды жеп қоймай ма.

АТАШЫМ

Алдыңа алып кейде меңі, аташым,
Көңілденіп ертегі, жыр айтасың.
Оқшауланып кейде қызық мінезің,
Отыруды қалайсың тек бір өзің.
Кейде мені асау тайға мінгізіп,
Жетелейсің олай-бұлай жүргізіп.

Кейде иіп таяғыңмен тал басын,
Әпересің маған тәтті алмасын.
Кейде таудың тебіреніп жартасын,
Домбыранды күңіреніп тартасын.
Кейде қатты күрсініп сап, аташым.
Ақ жастықты шынтаққа алып жатасың...

МЕН ШОФЕР БОЛАМЫН

Айдайтын машина,
Мен шофер боламын.
Алтын дән тасуға
Асығып барамын.

Би-би-иб.
Шуламай жүгіріп,
Жолымнан қашындар.
Қамайын кідіріп,
Бекетті ашындар.

Би-би-иб.
Астықты қырманға,
Келемін асығып.
Машина бортына
Мінбеңдер асылып.
Би-би-иб.

ТІЛЕК

Жарып шыққан өзегімді,
Жас жырымды аяландар.
Анам сынды өз елімді
Сәл налытсам, аямандар.

Жүдей қалсам сағым сынып,
Жаны нәзік гүл демендер.
Кетсем кейде алға шығып,
Атақ қуып жүр демендер.

БОЛЬШЕВИК БАЛА

I
Шөліркеп жатқан тастаққа,
Орнату үшін гүлді өмір,
Омырауын қарсы тосты оққа,
Елім деп туған үл небір.

Болған жоқ оңай баянды
Бакытты берік орнату.
Сан адам қанға боялды,
Ұстап қару, қолға ту.

Бақыттын тартып желісін,
Барам деп әрбір үйге алып.
Жұмды көзін ел үшін,
Аманкелді Иманов.

Бастауда елді гүл-баққа,
Ұйтқысы болған зор істің.
Үлгі боп қалды ұрпаққа,
Ерлігі батыр Щорстың.

Тап жауымен егесте,
Көрмеген жасып көңілі.
Қалды ұялап мәңгі есте,
Әлібидің өмірі.

Ерлер көп ерткен қол алға,
Оның біз қайсын айтайық.
Өмірін қиды Оралда
Ерлік жасап Чапаев.

Революция сілтеп қылышын,
Етті азат мұннан өңірді.
Бүгінгі жақсы күн үшін
Талайдың қаны төгілді...

Түспеді тіптен арзанға,
Әуелі колхоз құруда.
Тура келді көп жанға,
Қырсыққа қарсы тұруға.

Жанталасты би-болыс,
Өкіметті жазғырып.
«Аударайық кел қоныс»,
Деді әркімді азғырып.

«Кел, — деді олар, ынтымақ,
Өзімізше құрайық.
Барады елдің сұрқын ап,
Орыстарды қырайық.

Бұлардың тастап қиырды
Келуі мұнда тегін бе.
Бітік шыққан биылғы
Өрт қояйық егінге.

Колхоз деген далбаса,
Желікпейік сөзге еріп,
Өз малымыз болмаса,
Кетпейміз бе без теріп.

Болғамыз жоқ босқа ұлтшыл,
Ел үшін өтер борыш бар.
Береді деген бос былшыл,
Азаттық алып орыстар.

Көрдік қой кеткен пір атып,
Ауылға келген Ақтарды,
Талайдың үйін құлатып.
Дүние-мүлкін ақтарды.

Орыс деген солар дәл,
Жарлыға кәне не берді.
Мол үміт күткен олардан,
Көп еріп босқа не берді.

Тастайды дейсің келгенмен,
Қызылдар қайбір жарылқап.
Ақтардай кез келгеннен,
Олар да қайтар барымта ап»...

II

Осылай байлар жабылып,
Жасауға көшті қастықты,
Өртеді түнді жамылып,
Қамбаға құйған астықты.

Болды нағыз жауың тап,
Бай-кұлактар антұрған.
Күзетшіні бауыздап,
Сарайды жойды мал тұрған.

Оларға жау боп бандалар,
Большевиктермен жауықты.
Әртүрлі бүлік салды олар,
Үдете түсіп қауіпті.

Қолға түссе өлтірді,
Талғамай кіші-үлкенді.
Сұмдықтар жасап не түрлі...
Тонады қойма, дүкенді.

III

Бай-құлақты болмады,
Енді еркіне қоюға...
Бірікті жұрт оларды,
Тап ретінде жоюға.

Әйтсе де күрту оңайға,
Түспеді бұл таптарды.
Жастар осы ортада,
Жұмыстар үлкен атқарды.

Пионерлер де ел үшін,
Күшейтіп баймен күресін.
Мәуелі қоғам жұмысын,
Сақтауға қосты үлесін.

Үлкендермен ол неше,
Жорықтарға бір шығып.
Жасады ерлік өзгеше,
Бақытты күнге құлшынып.

Ерлікпен адам айтқысыз,
Банданы талай індетті.
Орындап шықты қалтқысыз,
Берілген небір міндетті.

Күресте жаумен талмады,
Болса да жасы он бірде.
Есіне ешбір алмады,
Сескенуді ол мүлде.

Танылып жұртқа ол өзі,
Шықты болып шын мықты.
Өжет те, қайсар мінезі,
Сүйді тек шындықты.

Жүзінде жалын лапылдап,
Жігері тұрды от алып.
Сөйледі топта тақылдап...
«Большевик» — бала атандым.

Сөйледі алға қол сілтеп,
Туды деп нұрлы жарқын шак,

Көре алмас дұшпан өлсін тек,
Біздікі бақыт, болашақ.

Олар құрып шағындау,
Пионерлік жасақты.
Байлады дөнін қалың бау.
Аңыздап теріп масақты.

Советтік заман жөнінде,
Шырқап асқақ әнді де.
Өгізге мініп көбінде,
Бастырды таспен дәнді де.

Көрсеткен қайсар ерлігін,
Бірі оның Санат пионер,
Осы бір жастың ерлігін,
Меркеде барлық біледі ел.

Арымен таза өтеді,
Пионерлік ол борышын.
Есімін мақтан етеді.
Халқы да оның сол үшін.

Үлкендермен ол нақты,
Қиындықты бөлісті.
Әшкерелеп кулақты,
Сырын ашты көп істің.

Колхозға қарсы ашынған,
Жандардың ісін ол барлап,
Астығын, малын жалтартқан,
Байларды тұрды хабарлап.

Жасаймыз әлі жарқын бақ,
Қалаймыз тасын ұлы істің.
Басамыз алға жарқылдап,
Өсиетімен Ильичтің.

IV

Бай біткен қатты құсалы,
Санатқа іштей басып тіс,
Кеудесін жалын қысады,
Бойында кекті тасып күші.

Бармақтай болып тақылдап,
Біттің-ау алып мазаны.
Түсерсің қолға алқымдап,
Берерміз бәлем жазаны.

Кедейге етті-ау бізді ермек,
Ісіміз баспай оңға бір.
Қаршадай ғана жүгірмек,
Түсерсің қанды қолға бір.

Өлтірді-ау, жалшы ыза ғып,
Тайды бастан мереке.
Боп жүрміз мұнша біз неғып,
Балаға дейін келеке.

Дейді олар шашып ызбарды,
Шатынап үлкен көздері.
Түтігіп іштей сыздайды,
Тотығып мұңға жүздері.

Бүгінде ауыл бағаның,
Ортасында бейіт тұр.
Керегі не минаның,
Дей көрме дос, кейін тұр.

Ауылдың қарт-жасына,
Жақсы таныс бұл қыбыр.
Жұрт жиналып басына,
Гүл қояды жылда бір.

Күнде келіп жан-жағын,
Жас өрендер түзетіп.
Алаулаған гүл бағын.
Тұрады кезек күзетіп.

Есімі оның мәңгіге,
Пионерлік тізімде.
Айтады қарттар әңгіме,
Мақтаныш ойнап жүзінде.

Сұңқар еді ол бала,
Ерлігін көрді көзіміз.
Сөйлеген сөзін толғана...
Тыңдадық ұйып өзіміз.

От ойнайтын түсінде,
Білеміз жақсы кейіп біз.
Ақ жүректің үшінде,
Большевик бала дейтінбіз.

Сол өрен біздің ауылдан,
Пионер болды алғашқы,
Қаймықпай боран, дауылдан,
Қиындыққа жармасты.

Алаулап жүзі жалындай,
Сөйлейтін түрлі күйге еніп.
Сөзіне мірдің оғындай,
Бұғатын жауы именіп...

Бала еді өзі зерделі,
Бүгіннен тұрған бақ көріп.
Жамылған дұшпан пердені,
Айырды талай қақ бөліп.

Аламыз еске күрсініп,
Арада ол жоқ бұл күнде.
Жау оны торға түсіріп,
Бауыздап кетті бір түнде.

Ашуға бойды билетіп,
Көрсетіп қайрат айтарлық.
Дұшпанды, жауды күйретіп,
Біз оның кегін қайтардық.

* * *

Ашу деген не нәрсе,
Ашу деген ыза ма.
Топ жүйрік жүйткі жөнелсе,
Ызасыз жарыс қыза ма.

Көп дүрмектің бәрінен,
Артта қалып қойғанда,
Білінбес ашу зәрінен,
Қамшы қолды ойғаны.

Қыл шылбыр тілген саусақтан,
Қызыл қан жерге тамшылап,

Кетсе де

алды аусап жан.
Ұрмай ма ер атты қамшылап,
Астында ойнап қазан ат.
Қос жанары қанталап,
Ұмтылмай ма азамат,
Қойып алға зор талап,

Көмбей ме шуға маңайды,
Оған бақыт жұрт тілеп,
Бұғып жатқан талайғы.
Намыс отын түрткілеп,

Шыдамай кей шақ намысқа.
Өліп те кетер ызадан.
Қалсақ та талай жарыста,
Жүреміз одан біз аман.

* * *

Үйреттің, өмір, маған,
Жүрегімнен жыр есуді.
Шаттығымды көре алмаған,
Дұшпандармен күресуді.

Үйреттің, өмір, маған,
Жалындап, төске өрлеуді.
Жақсылығын аямаған,
Отанымды қастерлеуді.

Үйреттің, өмір, маған,
Нажағайдай жаркылдауды.
Тау қойнауын аралаған,
Бұлақтайын саркылмауды.

ПАРАДТА

Май таңы нұрын таратты,
Құлпыртып тегіс жер үстін.
Ойналды гимн қанатты,
Толқытып туын жеңістің.

Сәнге бөлеп қаланы,
Ырғалды сұлу сәнді ағаш.
Әнге ұйытып даланы,
Сайрады бұлбұл, сандуғаш.

Төсінде самғап барады,
Ақ көгершін аспанның.
Қызықтап оған қарады,
Гүл ұстаған жастар мың.

Жауқазын жарған гүлдейін,
Жалаулар шықты үйге өрлеп.
Бар әлем тартып кернейін,
Аймақты кетті күй кернеп.

Сапқа тұрды ұлы елім,
Басталды майдың парады.
Алдында көптің — Ленин,
Күлімдеп кетіп барады.

АҚҚУ

Айдын көл мөлдір тамаша,
Жиегі жайсаң құрақ ну.
Төсінде еркін оңаша,
Жүп жазбай екі жүр аққу.

Кей сәтте жүзбей тыныстап,
Қалғандай тыңдап сыр сазын.
Төкаппар мойнын тік ұстап,
Тұрады, қора кірпазын.

Тұрады кей сәт түйісіп,
Тұмсыққа тұмсық тигізіп.
Сыйластықтың керемет,
Құдыретін үнсіз білгізіп...

ҚОЯН НЕГЕ ҚҰЙРЫҚСЫЗ?

I

Жас күнімде мені ылғи,
Қасына атам ертетін.
Шалқысын деп көңіл-күйі,
Әңгіме, ертек шертетін.

Сол атамнан үйренгем,
«Қалуды деп әлгі не»...
Сол атамнан үйренгем,
Шертуді толғап әңгіме.

Сол атамдай айтулы,
Білмесем де өлеңін.
Әйтеуір ертек айтуды,
Жанымдай жақсы көремін.

Ерте-ерте, ерте екен,
Ешкі жүні бөрте екен.
Әлемдегі бар аңнын,
Құйрықтары келте екен.

Мұны көріп бір күні,
Арыстан — патша ақырып,
Жұмсапты уәзір түлкіні,
Аңдарды жи деп шақырып...

Жар салып түлкі бар маңға,
Барлық аңның басын құрай кеп.
Кіріп жасыл орманға,
Хабарлапты былай деп.
Патшадан қатал бұйрық бар,
Ордаға ертең барындар.
Онда алуан құйрық бар,
Бір-бірден таңдап алындар.

II

Таң ата аспан түнеріп,
Тұнжырап қабақ түйіпті.
Нажағай көкті тілгілеп,
Нөсерлеп жаңбыр құйыпты.

Жұмсақ табан, шорлы аяқ,
Аңдарға осы керек деп,
Кектесін, өші бардай-ақ,
Құйыпты жаңбыр шелектеп.

Қалың бұлттың ішінде,
Жарқ-жүрк етіп от ойнап.
Нажағай еніп күшіне
Күркірепті атойлап.

Мұны бірақ сөз демей,
Ордаға аңдар шұбапты.
Шыға алмай тысқа өзгедей,
Сорлы қоян жылапты.

Қорқақ қоян қалтылдап,
Сыртқа шыға алмапты.
Жайын айтып әр аңға,
Жалбарынып зарлапты.

Қалдым, — депті ауырып,
Жатыр шаншып жүрегім.
Нән құйрықтың, бауырым,
Ала келші біреуін.

III

Күн сәскеге барғанда,
Аңның бәрі қайтыпты.
«Жан сауғалап қалғанға»,
«Құйрық жоқ» деп айтыпты.

Күрсініпті аһ ұрып,
Сонда қоян бір налып,
Дөңбекшіпті алқынып,
Құйрықтан ұзын құр қалып.

Жақсы ертектен әманда.
Жақсы бала үлгі алар,
Қорқақ болған қашанда,
Сыбағадан құр қалар.

ӘЛИЯ ТУРАЛЫ ЖЫР

I

Әлия кім? Кешегі.
Біреудің өкпе, балдызы.
Біреудің гүлді шешегі,
Біреудің ұлы — жалғызы.

Қорғады ол қыз Отанын,
Қорғады сәнді көшесін.
Талайын басты жотаның,
Керзі етік қажап өкшесін.

Әлия кім? Кешегі.
Октябрат — пионер.
Шарлаған ойнап көшені,
Жас бүлдіршін, бүгінгі ер.

Әлия кім? Ол батыр,
Қазақтан шыққан қара қыз.
Ерлігі дастан боп жатыр,
Жолына жүрген қараңыз.

...Көк түтін, оқ түтеген,
Лапылдап жанған аландар.
Құлаған сынып, күрт емен,
Окопта бұққан адамдар.

Әр солдат кекке оранған,
Өз жауын атқан туралап.
Қасқайып окка бораған,
Жүгірген кейде «уралап».

Осындай майдан шебінде,
Қазақтың жүрді бір қызы.
Қыз ғой тұрған шенінде,
Қарайды гүлге қырмызы.

Гүлді үзіп төске тағатын,
Табады қайдан уақытын.
Жұмсауда секунд, сағатын,
Қорғауға елдің бақытын.

Қолында билеп автомат,
Төгуде оқты жауындай,
Құлауда фашист қат-қабат,
Қырылған қамыс бауындай.

Боратып оқты шашады,
Дұшпаннан көзін айырмай.
Бетіне түскен шашын да,
Ысырып кейін қайырмай...

Ал кенет дүние бүлінді,
Оранып қара түнекке.
Жат хабар лезде білінді.
Әлия! Соңы көп нүкте.

Үзіліп түскен немене,
Өмірдің сәнді алқасы.
Біреуге болса немере,
Біреудің қызы — қалқасы.

Тұрғызып дүлей тас-боран,
Күтпеген шақта күн түсіп.
Жауқазын жара бастаған,
Ұрды да кетті гүлді үсік.

Жаратты ма екен әуелден,
Өмірді тағдыр қысқа ғып.
Күтпеген шақта әуеден,
Бір жұлдыз жерге түсті ағып.

Күйзеліп кеткен қосылып,
Қуатың жетсе бөгеп көр.
Шыр ете қалды шошынып,
Бесікте жатқан бөбектер.

Қамығып жақын бауырды,
Қайғырып кетті тербеліп.
Майданнан енді ауылға,
Тұрады-ау бір хат кем келіп.

Осы жай өте қиын да,
Еске алар оны дос налып.
Бір орын түрлі жиында,
Тұрған соң ылғи бос қалып.

Зарлады мылқау далада,
Жыртып бетін тас-талқан.
Егілді әже, бала да,
Жиылмай қалды дастарқан.

Болмас деп көзден қыз ғайып,
Күрсінді алып Отаны,
Солдаттар тартты мұнайып,
Қайғылы қара нотаны.

Жер-көкті сипап басынан,
Орманның сыңсу ағашы.
Осы бір қыздың жасынан
Сыйлысын елге қарашы.

II

Жыл өтті неше, Әлия!
Келеді бізбен алға аттап,
Есімін жас пен кәрия,
Қосады жырға ардақтап.

Өлсе өлген шығар қорқақтар,
Өлген бе батыр өмірде..
Ерлердің ныспын ұрпақтар,
Сақтайды мәңгі көңілде.

Айтпаған тегін халқымыз,
Батырдың жаны сірі деп;
Білеміз Ерді жалпы біз,
Қашанда сапта, тірі деп.

Мандайы жазық жарқырап,
Әлия қыз да бүгінде.
Шығысқа, әне, тұр қарап,
Бежницаның¹ түбінде.

¹ Бежница — Әлияға-ескертікші қойылған жер аты.

ОТТЫ ЖЫЛДАН БІР ЕЛЕС

I
...Соғыс кезі. Бұдан жиырма жыл бұрын,
Бұлт жайылып бұлыңғырлы тұрды күн.
Оқтын-оқтын айырына сүйеніп,
Пішен жинап, бүкірейіп жүрді кім.

Мезгіл қауырт, жатады кім шалқиып,
Жетім-жесір жүрегінде бар күйік.
Астық артқан ескі арбаның үстінде,
Отыр әне, қара бала қалқиып.

Жетіспейді тасуға астық сан арба,
Жетіспейді адам күші, қанар да.
— Майдан үшін, Жеңіс үшін бәрі де...
Ыза, кек бар жарқыраған жанарда.

Таудан көшіп келе жатыр бұлттар,
Болмау керек табиғатқа кіріптар.
Баданадай құрсағында әр дәннің,
Қолхозшының тері тамған тірлік бар.

Мандай терсіз тегін жатқан ас бар ма,
Қыбырлайды кәрі-құртан, жастар да.
Күні-түні қауырт жұмыс қырманда,
Күні-түні іс басында басқарма.

...Неге бүгін тым көңілсіз Осаға,
Көңілсіздік іске жігер қоса ма.
Бригадирлер «қап жоқ» дейді «қырманда»,
Ал, уақыт жоқ дегенді тоса ма.

Жұбайына Осекең сыр шертеді:
— Жетімсіздік өзекті осы өртеді.
Ал, бәйбіше, тігіп жібер қап қылып,
Алашаны, одеялды, көрпені...

— Өз дүниесін қап жасаған кім өзі,—
Деп Қалбүбі күйбең қағып жүр өзі.
Дүниеге жақын келер бір елі,
Әйелдердің бар ғой қызық мінезі.

— Қой, бәйбіше, бұрыс жаққа кетпе есіп,
Күн көрерміз ел ішінде ептесіп.

Құрысын көрпе,
Қан майданда адамның.
Көкірегін жатқанында оқ тесіп...

II

Көкке өрлеген ақ шатырлы үй қандай,
Көк теректер көңілге жыр құйғандай.
Маужыратып колхоздың көк аспанын,
Бұлбұл үні таңырқатып тұрғандай.

...Айдың жүзі жасырынды тасаға,
Мәжілістен қайтты үйіне Осаға.
Үлкен бақыт еңбек ету ел үшін,
Үлкен бақыт — семья, төр, босаға.

Ол отырды өткенді ойлап алғашқы,
Жүрегіне кенет шаттық жалғасты.
— Папа, шаршап келдің бе, — деп Ырымбек,
Әкесінің етегіне жармасты.

Нәзік балғын саусақтары қызық-ақ,
Дәу етікті тартады ол пысылдап.
Бүйрек беттен сүйді әкесі мейірмен,
Бүлдіршінін көкірегіне қысып ап.

III

Жамағатпен біте қайнап тел өскен,
Ләззат тапқан достық акыл, кеңестен.
Оспан жүрген жердің бәрі молшылық,
Оспан шыққан белес биік, белес кен.

Қаталдық пен биязылық онда бар,
Өмірінің өлең жырды томдап ал.
Әр адамның көңіліне нұр құйып,
Әр адамның жүрегіне жол табар,

Сүйеді ол дүйім жұрттың күлкісін,
Ол сүймейді жалқаулардың күйкі ісін.
Қырдағы астық, жайлаудағы қалың мал.
Күнде ұрлайды Осағанның ұйқысын...

СОҒЫС БІТКЕНДЕ

Соғыс бітті, қуанбады қай кісі,
Келді әркімнің жайнап құшақ жайғысы.
Шаттық шалқып тасыды ғой әйтсе де,
Көп болды оның қуаныштан қайғысы.

Толқи тұрып кей жан жасын төгеді,
Қабырғасын қатал қайғы сөгеді.
Басылса да соғыс өрті ауылға,
Оралғаннан оралмаған көп еді,

Ағып түсіп мезгілсіз мол жұлдыздар,
Көп адамның жан жүйесін буды ызғар.
Батыс жаққа мол үмітпен қарады,
Жетімсіреп жаутаң қаққан ұл-қыздар.

Көп жүректен сейілмеді капалық,
Қайсы бірін айтып оның жаталық.
Зарыға күткен жан жолдасын кей жеңгей,
Шыға келді жесір келін атанып.

Жүрегімде менің де мұз жатты анық,
Келмеді әкем маңдайына бақ дарып,
Жеңіс күні жүгірмедім оның мен,
Пилоткасын киіп алып, мақтанып.

Басқа келер сүйгенде ұлын гүлім деп,
Шешелері жайраң қақты күлімдеп.
Менің анам тұрды қара жамылып,
Бұл жанымды осты қатты тілімдеп.

Жанарына арай шуақ құйылып
Келгендерге болды дәм-тұз бұйырып.
Жүрді сұрап қарт әкелер олардан,
Жан баламды көрдің бе деп қиылып.

АССАЛАУМАҒАЛАЙКУМ!

Ассалаумағалейкум,
Арыстан кеуде, нар белді
Ауылымның шалдары.
Көреген көз, зерделі
Армандай ақ жандары.

Ассалаумағалейкум,
Мақамға ұя таңдайы
Суырылып тұрған шешендер.
Кере қарыс маңдайы
Ақылға толы көсемдер.

Ассалаумағалейкум;
Алдынан қия өтпейтін
Сыйынар пірім, жанмен.
Айтқаны теріс кетпейтін.
Болмашы күшті әулием.

Ассалаумағалейкум,
Жапырақ жайып мәуелеп
Өркені өскен бауларым,
Шоқтығы тұрған әуелеп
Ақ шашты Алатауларым.

АЯЛА МЕНІ АҒАЙЫН!

Аяма мені ағайын,
Жақыбайлы жарлы деп.
Аяла мені ағайын,
Азамат ұл, долы деп.

Аяма мені ағайын,
Жаны нәзік бір гүл деп.
Аяла мені ағайын,
Жез таңдайлы бұлбұл деп.

Аяма мені ағайын,
Тұяғы кетік тұлпар деп.
Аяла мені ағайын,
Қанаты талмас сұңқар деп.

Аяма мені ағайын,
Адамның ойсыз, езі деп.
Аяла мені ағайын,
Жақсының қалған көзі деп.

СӘЛЕМ!

Жаныма жайлау, өріс кең,
Сәлем, туған ауылым.
Тай-құлындай тебіскен,
Сәлем, туған бауырым.

Мақсатыма ниеттес,
Сәлем, жұртым бәріңе.
Ақ жаныма тілектес,
Сәлем, жас пен кәріңе.

Құшағын жайған қуанып,
Сәлем, әже, ағалар.
Алдымнан шыққан гүл алып,
Сәлем, жеңге, ағалар.

Симай кетті, кім білер,
Қуанышым қойныма.
Сәлем, сәлем, інілер,
Асылындар мойныма.

АРМЫСЫҢДАР, ӘЖЕЛЕР!?

Дидары жылы шуақты
Ақ әжелер, бармысын.
Жүрмісіндер қуатты
Ақ әжелер, армысын.

Келіп тұрмын сағынып,
Алдарыңа оралып,
Мейірімінді жамылып,
Жылынуға оранып.

Сендерді илеп, мазалап,
Өстік бала-шағалар.
Болдық бүгін азамат
Қуаныңдар, әжелер!

Құрттарыңды сөреден
Көп ұрлап ем ғафу ет.
Сонда да ләм демеген
Бәріңе әже, рақмет!

ІНІЛЕРІМЕ

Келіндер, асылындар мойыныма,
Бәріңе де қалқатайым.
Қайта тап боп баяғы ойыныма
Шерімді тарқатайын.

Кеудемді сендерменен бала болып,
Қуанышқа толтырайын.
Ортаңда дара биік аға болып.
Жайрандап отырайын.

Асылындар, таласып кәне маған,
Құшақтап айналайын.
Жүздер қызыл гүлдей алаулаған
Бәріңнен айналайын.

ЖЕР

Жер мейрімді, жер пейілді бәрінен,
Еш нәрсесін аямас жас, кәріден,
Ол ешкімді алалауды білмейді,
Барлық жанды асырайды нәрімен.

Бір адамның мертіксе де аяғы,
Жер жанашыр ең бірінші саялы.
Қолтығынан сүйеніш боп демейтін,
Өзір оның талының бір таяғы.

Қосып алып дүниеге алғаш келгенде,
Асыл жер ғой, адамға бақ берген де.
Жер қойнына сияды адам мәңгілік,
Өз үйіне симаса да өлгенде.

Шығарса да ана емшектен жас ұлын,
(Ақ мамаға күйе жағып жасырын).
Шығармайды жер емшектен мәңгілік,
Адамзаттай бел баласы — асылын.

ҚАЙРАН ШЕШЕ

Күйзеліп кетті таудың қия тасы,
О, бұлақ күңіреніп жыла тасы.
Халқының даңқын көкке шарықтатқан,
Қамалды темір торға күй атасы.

Құрайлы кең даланың қоздады әні,
Мұндайда мықты болсаң тозба кәні.
Келеді Құрманғазы құлағына,
Ақ шашты анасының боздағаны.

Күйшінің кең мандайы қыртыстанып,
Жүрегі азаппенен жұлқысты алып,
Қолдағы темір кісен шайнағанда,
Түсірді шорт сындырып бір тісті анық.

Ащы тер тұла бойдан нөсерледі,
Ашу бойға тасқын күш қосар ма еді.
Жіптей ғана темірді үзе алмайтын,
Адам деген осынша осал ма еді.

Құрманғазы мүсіндей қалды қатып,
Шынжыр қиып барады қолда бағып.
Сүңгіп кетті ол ауыр ой құшағына,
Сұрланып бір ішіне қанын тартып.

Өзен жоқтап күйшіні өкіреді,
Құстар да безек қағып өкінеді.
Жоқтайды жан баласын ана-дағы,
Жарылып кете жаздап көкірегі.

Қайран шеше басқадан орны бөлек,
Санайтын өссе де ұлын балғын бөбек.
Қазір де тастай қатып тұрған сұлық,
Күйші жанын лебіңнен алдың бөлеп.

Көңілінен ұшып ойлар маңын қалқып,
Құрманның сала берді жаны балқып.
Сөзінде ол отырғандай ана алдында,
Домбырасын сөйлетіп, қағып шалқып,

Өр кеудеде ойнақшып ала күйін,
Естен шықты бір сәтке нала қиын.
Күйші тартып отырды жүрегімен,
Тебіреніп айтулы ана күйін.

Ұшты күй еркіндікке бет алды да,
Тәтті сыр, ащы ыза бар қатал бұ да.
Ол жетіп сүйе берді бар ананы,
Кұман боп «Қайран шеше» атады да.

СҮЙЕМІН

Сүйемін,
Ақ ботаның жанарын мөлдіреген,
Жас сәбидің тұлымын желбіреген,
Сүйемін,
Емізіп отырғанда нәрестесін,
Ана жанын риясыз елжіреген.

Сүйемін, Кәриялардың пәк тілегін,
Тау алдының шипалы тәтті лебін.
Сүйемін,
Сағынғанда мойынға бөкебайдай,
Оралатын арудың ақ білегін.

Сүйемін,
Аққудың көлде жүрген көгілдірін,
Көз тартар мезгілімен өмір гүлін.
Сүйемін,
Жәудіреген көздің нұрын,
Тазартып кететін бір көңіл кірін.

* * *

Аялдауды, бөгелуді білмеген,
Өтуде зулап, өтуде зулап күн деген,
Құшағында келем өсіп өмірдің,
Көк шыбыққа ұксап ерте гүлдеген.

Ұялайды көңілге арман небір көп,
Оны қалай тұрам айтпай мен бүркеп.

Өтсем деймін мейрімін қандырып,
Мөлдір жырға тамсанғанды шөліркеп.

Тұрса деймін жүрегімнен жыр атып,
Таласып жұрт оқитұғын ұнатып.
Жүрсем деймін жабырқаған жандарды,
Өміршең кіл, өлеңіммен жұбатып.

МАЗМҰНЫ

Ленин	3
Ленин кабинетінде	—
«Сәуле»	4
Тұр сапқа, жас ұлан	—
Ойында	5
Ыразы болды Күн Көсем	—
Ақсақалдар	6
Бір қол сүйеді	—
Туған жер	7
Жүрегім менің жырлайды	—
Жымиды Көсем қол соғып	8
«Осынау дарқан өмірге»	—
Сәби ерлігі	—
Қарындасым бар менің	11
Көл жағасында	—
Өшімізді қайтардық	12
Жеңеше	—
Көктем таңы	13
Зағип	14
Разливте	—
«Осынау албырт жасымда»	15
«Ұсындың шоғын бір гүлдің»	—
От	16
«Еңбекпен таңды атырам»	—
«Құмның атты жанға нұр құяр таңы»	17
«Жер-ана»	18
Ана	18
Ауылға келгенде	19
«Адаммын дұшпаны бар, достары бар»	—
Қымбат ең қандай	—
«Ақ шарбы»	20
Қыздары біздің ауылдың	—

Туған жер.	21
Күз	—
Ойыншық	22
Аташым	—
Мен шофер боламын	23
Тілек	—
Большевик бала	—
«Ашу деген не нәрсе»	29
«Үйреттің, өмір, маған»	30
Парадта	—
Аққу	31
Қоян неге құйрықсыз?	32
Әлия туралы жыр	34
Отты жылдан бір елес	37
Соғыс біткенде	39
Ассалаумағалайкүм!	—
Аяла мені ағайын!	40
Сәлем	41
Армысындар, әжелер!?	—
Інілеріме	42
Жер	—
Қайран шеше	43
Сүйемін	44
«Аялдауды, бөгелуді білмеген	44

Совет Алимкулов

«СОКОЛ»

Стихи

На казахском языке

Издательство «Жазушы» — 1970

Редактор *А. Шалабаева.*
Худ. редактор *А. Таменов.*
Художник *Е. Шарапов.*
Техн. редактор *К. Фаритденов.*
Корректор *А. Симбинова.*

Сдано в наб. 21/VII-70 г. Изд. 310.
Подп. к печати 8/X-70 г. УГ06875.
Бум. тип. № 1. 84 × 108¹/₂ = 1,5 п. л.
— 2,52 усл. п. л. (Уч.-изд. 2,2 л.).
Тираж 10 000 экз. Цена 23 коп.

Зак. № 495. Типография № 2 Глав-
полиграфпрома Госкомитета Совета
Министров КазССР по печати.
г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса, 63.